

2011 жылға жастар практикасын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 21 қазандағы N 381 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 қазанда N 14-9-149 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 қаңтардағы № 9 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2012.01.05 № 9 хатымен.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-7) тармақшасына, 18-2-бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы өңірлік еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілер қосымшадағы тізбеге сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Әлішке жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Сыздықов

Отырар

ауданы

әкімдігінің

« 21 » 10

2011

жылғы

№ 381 қаулысымен бекітілген

2011 жылы жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

Р/с	Жұмыс берушінің атауы	Мамандығы	Ұйымдастырылатын жұмыс орындардың саны	Айлық жалақысының мөлшері (теңге)	Жастар практикасының ұзақтығы (ай)

1	Отырар ауданы әкімдігінің «Арыстанбаб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Тарих	2	26000	2
2	«Бағлан» өндірістік кооперативі	Агроинженерия	1	26000	2
		Көлік, көлік техникасы және технологиясы	1	26000	2
		Бухгалтер	1	26000	2
3	«Отырар сервистік-дайындау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бухгалтер-экономист	2	26000	2
		Оператор-менеджер	1	26000	2
		Инженер-механик	1	26000	2
		Механизатор-слесарь	2	26000	2
		Дәнекерлеуші	2	26000	2
		Бухгалтер	2	26000	2
		Информатик	1	26000	2
4	«Тазалық-2006» селолық тұтыну кооперативі	Эколог	1	26000	2
		Электронды есептеуіш машинасының операторы	1	26000	2
5	«Бірлік-1» селолық тұтыну кооперативі	Бухгалтер-экономист	2	26000	2
		Электронды есептеуіш машинасының операторы	2	26000	2
		Инженер	1	26000	2
		Жерге орналастыру	2	26000	2
		Дәнекерлеуші	1	26000	2
6	«Абай - Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Агроном	1	26000	2
		Ветеринар	1	26000	2
		Тракторист	2	26000	2
БАРЛЫҒЫ:			30		